**Мұғалжар ауданының Аққемер, Ащысай, Батпаққөл, Еңбек, Қ. Жұбанов атындағы, Құмсай ауылдық округтері және Қандыағаш қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 13 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Жер кодексінің" 15 бабының 1 тармағының 2-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" Заңының 6 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мұғалжар ауданының Аққемер, Ащысай, Батпаққөл, Еңбек, Қ.Жұбанов атындағы , Құмсай ауылдық округтері және Қандыағаш қаласы бойынша 2023-2024 жылдарға жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары, осы шешімнің 1, 2 , 3, 4, 5, 6, 7 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Мұғалжар аудандық мәслихатының төрағасы* | *Б. Кадралин* |

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
14 сәуірдегі № 13 шешіміне
1 қосымша

**Аққемер ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспар**

Осы Аққемер ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 15090 тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11064 тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуы процестерін болғызбау мақсатында қабылданады және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю дәстүрі ескеріледі.

Жоспар құрамында:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Аққемер ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2 қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы (3 қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы (4 қосымша);

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5 қосымша);

6) ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы (6 қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі (7 қосымша);

8) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картасы (8 қосымша);

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтиды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл

шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданған.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Аққемер ауылдық округінде 5 ауылдық елді мекендер бар.

Аққемер ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 157835 гектар, оның ішінде егістік жерлер – 7162 гектар, шабындық - 33 гектар, жайылым жерлері – 149321 гектар, 55 гектар - бақша, 1264 гектар - басқа алаптар.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 123119 гектар;

елді мекендердің жері – 34716 гектар болып бөлінеді.

Табиғи жағдайлар бойынша Аққемер ауылдық округінің аумағы агроклиматтық көрсеткіш бойынша құрғақ далалық зонаға жатады, қатал ұзақ қыста, қысқа қалыпты ыстық жазда, қыстың және жаз температураларының күрт қарама-қайшылықтарымен, жылдық жауын-шашынның аз мөлшерімен, құрғақшылықпен сипатталады. Өсімдік жамылғысы әртүрлі, селеулі-бетегелі жусанды және бетегелі-жусанды, тобылғы-қараған бұталы өсімдіктер. Топырағы қызыл қоңыр, қоңыр, аз гумусты. Аққемер ауылдық округінің кей аумақтары жайпақ-еңісті жазықтан, өзендер аңғарынан , қатты жырылған жыралардан құралған. Өсімдік жамылғысы тұрақты емес және жеткіліксіз ылғалданған жағдайда, жалпы жазықтық сипатты және аздаған қанық түрлерімен ерекшеленді. Жер оты көктемгі-жазғы-күзгі жайылым ретінде қолданылады , жер бедерінің жағдайына қарай шөп шабуға да болады. Жайылымды тиімді пайдалану , тозуының алдын алу әрбір малды оған қолданылатын шөптің қажеттілігіне қарай орналастыру болып табылады. Ал Аққемер ауылдық округі жайылымдарына жалпы сипаттама жасайтын болсақ, олардың өнімділігі тұрақты емес, жауын-қардың аз-көптігіне қарап әр жылдарда өзгеріп отырады. Шөбінің өнімділігі жылдың ауа райының жағдайына қарай, гектарына 1,0 центнерден 3 центнерге дейін болады. Жайылым шөбінің аздығы және маусымдап пайдаланылатын жайылымдардың бытыраңқылығы себепті малды алыстағы көктемгі, жазғы және күзгі-қысқы жайылымдарға жаюды керек етеді. Кей жылдары қыстың жұмсақтығына қарай шаруашылық құрылымдардың малдары көбіне жайылымда болады.

2023 жылдың 1 қаңтарына Аққемер ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы) ірі қара мал 2239 бас, оның ішінде аналық мал басы 1604 бас, 5428 қой мен ешкілер, 203 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Аққемер ауылында: ірі қара мал 741 бас, оның ішінде аналық мал 533 бас, қой мен ешкілер 2178 бас, жылқы 17 бас.

Жайылым көлемі 9291 гектарды құрайды.

Елек ауылында: ірі қара мал 522 бас, оның ішінде аналық мал 307 бас, қой мен ешкілер 1373 бас, жылқы 50 бас.

Жайылым көлемі 6158 гектарды құрайды.

Көктөбе ауылында: ірі қара мал- 140 бас, оның ішінде аналық мал – 114 бас, қой мен ешкілер – 168 бас, жылқы – 18 бас.

Жайылым көлемі 3873 гектарды құрайды.

Көтібар батыр ауылында: ірі қара мал – 230 бас, оның ішінде аналық мал –179 бас, қой мен ешкілер – 981 бас, жылқы – 44 бас.

Жайылым көлемі 9183 гектарды құрайды.

Жарық ауылында: ірі қара мал – 606 бас, оның ішінде аналық мал –471 бас, қой мен ешкілер – 728 бас, жылқы – 74 бас.

Жайылым көлемі 5315 гектарды құрайды.

Аққемер ауылдық округінің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, шаруа қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал 3623 бас, қой мен ешкілер 12915 бас, жылқы 2642 басты құрайды.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, шаруа қожалықтарының жайылым алаңы 115501 гектарды құрайды.

Аққемер ауылдық округінде 1 мал дәрігерлік пункті, 1 мал көміндісі бар.

Жайылымдық жемшөп жануарлар рационының едәуір бөлігін құрайды. Шөпте азыққа қарағанда әлдеқайда көп қоректік заттар бар. Малды жайылымда ұстау жақсы дамуына ықпал етеді және жануарлардың өсуін күшейтеді, сау төл алу үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Аққемер ауылдық округінде табиғи жайылымдардың маусымдық сипаты айқын байқалады. Аққемер ауылдық округі аумағында мәдени және аридтік жайылымдар жоқ. Барлық жайылымдар саны мен мөлшері жайылымның шығымдылығына, мал санына және жасыл шөпті азықтандыру нормаларына байланысты учаскелерге (қоршауларға) бөлінеді. Ауыл маңындағы жайылымдарды тыныстандырып, демалдыру үшін маусымдық жайылымдарды көшпелі жолмен дәстүрлі пайдаланған жөн, ал алыс маусымдық жайылымдарда алдын ала белгіленген учаскелерде мал жаю керек. Жайылымдарды тиімді пайдалану оны пайдалану мерзімінің түрлі схемасын кезектестіру жолымен жүргізіледі. Жайылым айналымы деп табиғи жайылымдарды бір жылдан бастап жақсартуға бағытталған немесе оның өнімділігін төмендетпей бірнеше жылдан кейін қайталанатын шаралар жүйесі түсініледі. Жалпы, жайылым айналымы мен қоршаған ортаны пайдалану жүйесін қолдану, маусымдар бойынша кезектестіру, өсімдіктердің өнімділігін сақтауға мүмкіндік береді.

Аққемер ауылдық округіндегі кең таралған бетеге, селеу, жусан мен әртүрлі шөптерден тұратын жайылымдар үшін барынша қолайлысы жыл сайын ретімен, жылдың барлық маусымында мал жайып, кезек-кезек 4-белдеулі жайылым айналымын жасау. Әрбір малды қоршап бағатын учаскелер жыл бойы тек бір маусым пайдалануы тиіс, егер учаске көктемде пайдаланылса, келесі жылы бұл учаске жазда, ал келесі жылы күзде пайдалануы тиіс. Тек осы жағдайда ғана жайылымдық өсімдіктердің

тұқым тастауы мүмкін және азып тозған учаскелер бұрынғы өнімділігін қалпына келтіре алады.

Жайылымдық процесті реттеу, жайылымның айдау кезектілігі, тыңайтқыштар, өсімдіктерді себу жайылымдардың жалпы өнімділігін арттырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Аққемер ауылдық округі бойынша ауылшаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 115501 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 33820 гектар жайылым бар.

Аққемер ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Аққемер ауылы, Елек ауылы, Көктөбе ауылы, Көтібар батыр ауылы, Жарық ауылы) ауылшаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша елді мекеннің 33820 гектар бар жайылымдық алқаптарында, жүктеме нормасы 10 гектар/бас болғанда қажеттілік туындамайды.

Жүктеме нормасы ірі қара мал басына 10 гектар/бас, қой мен ешкілер – 2 гектар/бас, жылқы – 12 гектар/бас болғанда жергілікті халықтың басқа ауылшаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің 1862 гектар көлемінде қажеттілік бар .

Қажеттілік:
ірі қара мал үшін – 2239 бас х 10 гектар/бас= 22390 гектар;
қой мен ешкілер үшін – 5428 бас х2 гектар/бас= 10856 гектар;
жылқы үшін – 203 бас х12 гектар/бас= 2436 гектар.
22390+10856+2436 = 35682 гектар.

Аққемер ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 1 қосымша

**Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Аққемер ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)**




Шартты белгілер:

Ақкемер ауылдық округі шекарасы

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатындағы жайылымдар (жер пайдаланушылардың жер учаскелері)

Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар

Ақкемер ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспарға 2 қосымша

## Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары




Аққемер ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 3 қосымша

**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы**




Шартты белгілер:

Ақкемер ауылдық округі шекарасы

Ішкі және сыртқы шекаралардағы маусымдық жайылымдар учаскелері

Елді мекендер жерлері санаттағы жайылымдар

Негізгі су көздері (өзендер, көлдер, тоғандар және тағы басқалары)

Ақкемер ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 4 қосымша

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне ( көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы**




Ақкемер ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 5 қосымша

**Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы**




Шартты белгілер:

Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы

Аққемер ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 6 қосымша

**Ауылда, ауылдық округ маңындаорналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы**




Шартты белгілер:



Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы

Аққемер ауылдық округінде
2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды және оларды
пайдалану басқару жөніндегі
жоспарға 7 қосымша

## Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

| № | Ауылдық округ атауы | 2023 жылғы қоршаулар саны | | | | 2024 жылғы қоршаулар саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Аққемер | КЖМ | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

КЖМ –көктемгі-жазғы маусым;

ЖКМ – жазғы-күзгі маусым;

ЖМ – жазғы маусым;

ДҚ – демалушы қоршау

Аққемер ауылдық округінде
2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды және оларды

пайдалану басқару жөніндегі
жоспарға 8 қосымша

**Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картасы**




Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
14 сәуірдегі № 13 шешіміне
2 қосымша

**Ащысай ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023 -2024 жылдарға арналған жоспар**

Осы Ащысай ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы"

Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі № 173 " Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 15090 тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуірдегі № 3-3/332 " Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11064 тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуы процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Ащысай ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2 қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы (3 қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы (4 қосымша);

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5 қосымша);

6) ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы (6 қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың жәнеайдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі (7 қосымша);

8) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картасы (8 қосымша);

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтиды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін –

жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданған.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Ащысай ауылдық округінде 3 ауылдық елді мекендер бар.

Ащысай ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 153231 гектар, оның ішінде егістік – 2281 гектар, шабындық – 1377 гектар, жайылым – 148 506 гектар, 1067 гектар басқа алаптар.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 120403 гектар;

елді мекендердің жері – 32828 гектар болып бөлінеді.

Табиғи жағдайлар бойынша Ащысай ауылдық округінің аумағы агроклиматтық көрсеткіш бойынша құрғақ далалық, далалық зонаға жатады, қатал ұзақ қыста, қысқа қалыпты ыстық жазда, қыстың және жаз температураларының күрт қарама-қайшылықтарымен, жылдық жауын-шашынның аз мөлшерімен, құрғақшылықпен сипатталады. Өсімдік жамылғысы әртүрлі, селеулі-бетегелі жусанды және бетегелі-жусанды, тобылғы-қараған бұталы өсімдіктер. Топырағы қызыл қоңыр, қоңыр, аз гумусты. Ащысай ауылдық округінің кей аумақтары жайпақ-еңісті жазықтан, өзендер аңғарынан, қатты жырылған жыралардан құралған. Өсімдік жамылғысы тұрақты емес және жеткіліксіз ылғалданған жағдайда, жалпы жазықтық сипатты және аздаған қанық түрлерімен ерекшеленді. Жер оты көктемгі-жазғы-күзгі жайылым ретінде қолданылады, жер бедерінің жағдайына қарай шөп шабуға да болады. Жайылымды тиімді пайдалану, тозуының алдын алу әрбір малды оған қолданылатын шөптің қажеттілігіне қарай орналастыру болып табылады. Ал Ащысай ауылдық округі жайылымдарына жалпы сипаттама жасайтын болсақ, олардың өнімділігі тұрақты емес, жауын-қардың аз-көптігіне қарап әр жылдарда өзгеріп отырады. Шөбінің өнімділігі жылдың ауа райының жағдайына қарай, гектарына 1,0 центнерден 3 центнерге дейін болады. Жайылым шөбінің аздығы және маусымдап пайдаланылатын жайылымдардың бытыраңқылығы себепті малды алыстағы көктемгі, жазғы және күзгі-қысқы жайылымдарға жаюды керек етеді. Кей жылдары қыстың жұмсақтығына қарай шаруашылық құрылымдардың малдары көбіне жайылымда болады.

2023 жылдың 1 қаңтарына Ащысай ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы) ірі қара мал 2074 бас, оның ішінде аналық мал басы 1381 бас, 6757 бас қой мен ешкілер, 198 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Ащысай ауылында: ірі қара мал 1254 бас, оның ішінде аналық мал 774 бас, қой мен ешкілер 3416 бас, жылқы 107 бас.

Жайылым көлемі 18303 гектарды құрайды.

Ақсу ауылында: ірі қара мал 568 бас, оның ішінде аналық мал 422 бас, қой мен ешкілер 1650 бас, жылқы 69 бас.

Жайылым көлемі 8743 гектарды құрайды.

Сабындыкөл ауылында: ірі қара мал - 252 бас, оның ішінде аналық мал- 185 бас, қой мен ешкілер – 1691 бас, жылқы – 22 бас.

Жайылым көлемі 5109 гектарды құрайды.

Ащысай ауылдық округінің шаруа қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал 5283 бас, қой мен ешкілер 10348 бас, 2479 бас жылқы.

Шаруа қожалықтарының жайылым алаңы 114853 гектарды құрайды.

Ащысай ауылдық округінде 1 мал дәрігерлік пункті, 1 мал көміндісі бар.

Жайылымдық жемшөп жануарлар рационының едәуір бөлігін құрайды. Шөпте азыққа қарағанда әлдеқайда көп қоректік заттар бар. Малды жайылымда ұстау жақсы дамуына ықпал етеді және жануарлардың өсуін күшейтеді, сау төл алу үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Ащысай ауылдық округінде табиғи жайылымдардың маусымдық сипаты айқын байқалады. Ащысай ауылдық округі аумағында мәдени жәнеаридтік жайылымдар жоқ.Барлық жайылымдар саны мен мөлшері жайылымның шығымдылығына, мал санына және жасыл шөпті азықтандыру нормаларына байланысты учаскелерге ( қоршауларға) бөлінеді. Ауыл маңындағы жайылымдарды тыныстандырып, демалдыру үшін маусымдық жайылымдарды көшпелі жолмен дәстүрлі пайдаланған жөн, ал алыс маусымдық жайылымдарда алдын ала белгіленген учаскелерде мал жаю керек. Жайылымдарды тиімді пайдалану оны пайдалану мерзімінің түрлі схемасын кезектестіру жолымен жүргізіледі. Жайылым айналымы деп табиғи жайылымдарды бір жылдан бастап жақсартуға бағытталған немесе оның өнімділігін төмендетпей бірнеше жылдан кейін қайталанатын шаралар жүйесі түсініледі. Жалпы, жайылым айналымы мен қоршаған ортаны пайдалану жүйесін қолдану, маусымдар бойынша кезектестіру, өсімдіктердің өнімділігін сақтауға мүмкіндік береді.

Ащысай ауылдық округіндегі кең таралған бетеге, селеу, жусан мен әртүрлі шөптерден тұратын жайылымдар үшін барынша қолайлысы жыл сайын ретімен, жылдың барлық маусымында мал жайып, кезек-кезек 4-белдеулі жайылым айналымын жасау. Әрбір малды қоршап бағатын учаскелер жыл бойы тек бір маусым пайдалануы тиіс, егер учаске көктемде пайдаланылса, келесі жылы бұл учаске жазда, ал келесі жылы күзде пайдалануы тиіс. Тек осы жағдайда ғана жайылымдық өсімдіктердің

тұқым тастауы мүмкін және азып тозған учаскелер бұрынғы өнімділігін қалпына келтіре алады.

Жайылымдық процесті реттеу, жайылымның айдау кезектілігі, тыңайтқыштар, өсімдіктерді себу жайылымдардың жалпы өнімділігін арттырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Ащысай ауылдық округі бойынша ауылшаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 114 853 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 32155 гектар жайылым бар.

Ащысай ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Ащысай ауылы, Ақсу ауылы, Сабындыкөл ауылы) ауылшаруашылығы жануарларының аналық ( сауын) мал басын ұстау бойынша елді мекеннің 13810 гектар бар жайылымдық алқаптарында, жүктеме нормасы 10 гектар/бас болғанда қажеттілік туындамайды.

Жүктеме нормасы ірі қара мал басына 10 гектар/бас, қой мен ешкілер – 2 гектар/бас, жылқы – 12 гектар/бас болғанда жергілікті халықтың басқа ауылшаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің 4 475 гектар көлемінде қажеттілік бар.

Қажеттілік:

ірі қара мал үшін - 2074 бас х 10 гектар/бас = 20 740 гектар;

қой мен ешкілер үшін - 6757 бас х 2 гектар/бас = 13514 гектар;

жылқы үшін- 198 бас х12 гектар/бас = 2376 гектар.

20740+13514+2376 = 36630 гектар.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 4475 гектар көлемінде аудандық босалқы жер қоры есебінен толтыру қажет.

Ащысай ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 1 қосымша

**Ащысай ауылдық округінің аумағында құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)**




Ащысай ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 2 қосымша

## Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары




Шартты белгілер:

- Ащысай ауылдық округі шекарасы
- Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатындағы жайылымдар
- Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар
- Күз, қыс кезеңдерінде пайдаланылатын жайылымдық жерлер
- Көктем, жаз кезеңдерінде пайдаланылатын жайылымдық жерлер

Ащысай ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 3 қосымша

**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы**




Шартты белгілер:

Ащысай ауылдық округі шекарасы

Ішкі және сыртқы шекаралардағы маусымдық жайылымдар учаскелері

Елді мекендер жерлері санаттағы жайылымдар

Негізгі су көздері (өзендер, көлдер, тоғандар және тағы басқалары.)

Ащысай ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 4 қосымша

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне ( көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы**




Ащысай ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 5 қосымша

**Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарғааауыстыру схемасы**




Шартты белгілер:



Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы

Ащысай ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 6 қосымша

**Ауылда, ауылдық округ маңындаорналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастырусхемасы**




Шартты белгілер:

Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы

Ащысай ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 7 қосымша

## Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың жәнеайдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

| № | Ауылдық округ атауы | 2023 жылғы қоршаулар саны | | | | 2024 жылғы қоршаулар саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Ащысай | КЖМ | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

КЖМ –көктемгі-жазғы маусым;

ЖКМ – жазғы-күзгі маусым;

ЖМ – жазғы маусым;

ДҚ – демалушы қоршау.

Ащысай ауылдық округінде

жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 8 қосымша

**Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картасы**




Шартты белгілер:



Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картасы

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
14 сәуірдегі № 13 шешіміне
3 қосымша

**Батпаққөл ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспар**

Осы Батпаққөл ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі № 173 " Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 15090 тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуірдегі № 3-3/332 " Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11064 тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуы процестерін болғызбау мақсатында қабылданады және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю дәстүрі ескеріледі.

Жоспар құрамында:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Батпаққөл ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2 қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы (3 қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы (4 қосымша);

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5 қосымша);

6) ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы (6 қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі (7 қосымша);

8) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картасы (8 қосымша);

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтиды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданған.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Батпаққөл ауылдық округінде 4 ауылдық елді мекендер бар.

Батпаққөл ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 382614 гектар, оның ішінде шабындық – 9812 га, жайылым жерлері – 369647 га, бақша - 8 гектар, басқа алаптар– 3147 гектар.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 242223 гектар;

елді мекендердің жері – 16020 гектар;

өнеркәсіп жерлері – 37951 гектар;

орман қоры жерлері – 36008 гектар;

қордағы жерлер – 50412 гектар болып бөлінеді.

Табиғи жағдайлар бойынша Батпаққөл ауылдық округінің аумағы агроклиматтық көрсеткіш бойынша құрғақ далалық, жартылай шөлейтті зонаға жатады, қатал ұзақ қыста, қысқа қалыпты ыстық жазда, қыстың және жаз температураларының күрт қарама-қайшылықтарымен, жылдық жауын-шашынның аз мөлшерімен, құрғақшылықпен сипатталады. Өсімдік жамылғысы әртүрлі, селеулі-бетегелі жусанды және бетегелі-жусанды, тобылғы-қараған бұталы өсімдіктер. Топырағы ашық қызыл қоңыр, аз гумусты. Батпаққөл ауылдық округінің кей аумақтары жайпақ-еңісті жазықтан, өзендер аңғарынан, қатты жырылған жыралардан құралған. Өсімдік жамылғысы тұрақты емес және жеткіліксіз ылғалданған жағдайда, жалпы жазықтық сипатты және аздаған қанық түрлерімен ерекшеленді. Жер оты көктемгі-жазғы-күзгі жайылым ретінде қолданылады, жер бедерінің жағдайына қарай шөп шабуға да болады . Жайылымды тиімді пайдалану, тозуының алдын алу әрбір малды оған қолданылатын шөптің қажеттілігіне қарай орналастыру болып табылады. Ал Батпаққөл ауылдық округінің жайылымдарына жалпы сипаттама жасайтын болсақ, олардың өнімділігі тұрақты емес, жауын-қардың аз-көптігіне қарап әр жылдарда өзгеріп отырады. Шөбінің

өнімділігі жылдың ауа райының жағдайына қарай, гектарына 1,0 центнерден 3 центнерге дейін болады. Жайылым шөбінің аздығы және маусымдап пайдаланылатын жайылымдардың бытыраңқылығы себепті малды алыстағы көктемгі, жазғы және күзгі-қысқы жайылымдарға жаюды керек етеді. Кей жылдары қыстың жұмсақтығына қарай шаруашылық құрылымдардың малдары көбіне жайылымда болады.

2023 жылдың 1 қаңтарына Батпаққөл ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы) ірі қара мал 2385 бас, оның ішінде аналық мал басы 1400 бас, 4132 бас қой мен ешкілер , 748 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Жағабұлақ ауылында: ірі қара мал 1196 бас, оның ішінде аналық мал 773 бас, қой мен ешкілер1640 бас, жылқы 269 бас.

Жайылым көлемі 7186 гектарды құрайды.

Жаркемер ауылында: ірі қара мал 233 бас, оның ішінде аналық мал 194 бас, қой мен ешкілер 891 бас, жылқы 101 бас.

Жайылым көлемі 2556 гектарды құрайды.

Саға ауылында: ірі қара мал 453 бас, оның ішінде аналық мал 205 бас, қой мен ешкілер 480 бас, жылқы 224 бас.

Жайылым көлемі 2569 гектарды құрайды.

Қожасай ауылында: ірі қара мал 503 бас, оның ішінде аналық мал 228 бас, қой мен ешкілер 1121 бас, жылқы 154 бас.

Жайылым көлемі 2834 гектарды құрайды.

Батпаққөл ауылдық округінің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамжәне шаруа қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал 2940 бас, қой мен ешкілер 4392 бас, жылқы 2822 бас. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғам, шаруа қожалықтарының жайылым алаңы 239010 гектарды құрайды.

Батпаққөл ауылдық округінде 1 мал дәрігерлік пункті, 1 мал көміндісі бар.

Жайылымдық жемшөп жануарлар рационының едәуір бөлігін құрайды. Шөпте азыққа қарағанда әлдеқайда көп қоректік заттар бар. Малды жайылымда ұстау жақсы дамуына ықпал етеді және жануарлардың өсуін күшейтеді, сау төл алу үшін қолайлы жағдайлар жасалады. Батпаққөл ауылдық округінде табиғи жайылымдардың маусымдық сипаты айқын байқалады. Батпаққөл ауылдық округі аумағында мәдени жәнеаридтік жайылымдар жоқ. Барлық жайылымдар саны мен мөлшері жайылымның шығымдылығына, мал санына және жасыл шөпті азықтандыру нормаларына байланысты учаскелерге (қоршауларға) бөлінеді. Ауыл маңындағы жайылымдарды тыныстандырып, демалдыру үшін маусымдық жайылымдарды көшпелі жолмен дәстүрлі пайдаланған жөн, ал алыс маусымдық жайылымдарда алдын ала белгіленген учаскелерде мал жаю керек. Жайылымдарды тиімді пайдалану оны пайдалану мерзімінің түрлі схемасын кезектестіру жолымен жүргізіледі. Жайылым айналымы деп табиғи жайылымдарды бір жылдан бастап жақсартуға бағытталған немесе оның өнімділігін төмендетпей бірнеше жылдан кейін қайталанатын шаралар жүйесі

түсініледі. Жалпы, жайылым айналымы мен қоршаған ортаны пайдалану жүйесін қолдану, маусымдар бойынша кезектестіру, өсімдіктердің өнімділігін сақтауға мүмкіндік береді.

Батпаққөл ауылдық округіндегі кең таралған бетеге, селеу, жусан мен әртүрлі шөптерден тұратын жайылымдар үшін барынша қолайлысы жыл сайын ретімен, жылдың барлық маусымында мал жайып, кезек-кезек 4-белдеулі жайылым айналымын жасау. Әрбір малды қоршап бағатын учаскелер жыл бойы тек бір маусым пайдалануы тиіс, егер учаске көктемде пайдаланылса, келесі жылы бұл учаске жазда, ал келесі жылы күзде пайдалануы тиіс. Тек осы жағдайда ғана жайылымдық өсімдіктердің тұқым тастауы мүмкін және азып тозған учаскелер бұрынғы өнімділігін қалпына келтіре алады.

Жайылымдық процесті реттеу, жайылымның айдау кезектілігі, тыңайтқыштар, өсімдіктерді себу жайылымдардың жалпы өнімділігін арттырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Батпаққөл ауылдық округі бойынша ауылшаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 369647 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 15145 гектар жайылым бар.

Батпаққөл ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Жағабұлақ ауылы, Жаркемер ауылы, Саға ауылы, Қожасай ауылы) ауылшаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша елді мекеннің 14 000 гектар бар жайылымдық алқаптарында, жүктеме нормасы 10 гектар/бас болғанда қажеттілік туындамайды.

Жүктеме нормасы ірі қара мал басына 10 гектар/бас, қой мен ешкілер – 2 гектар/бас, жылқы – 12 гектар/бас болғанда жергілікті халықтың басқа ауылшаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің 25945 гектар көлемінде қажеттілік бар.

Қажеттілік:

мүйізді ірі қара үшін- 2385 басх 10 гектар/бас= 23 850 гектар;

қой мен ешкілер үшін - 4132 бас х2 гектар/бас= 8264 гектар;

жылқы үшін - 748 бас х12 гектар/бас= 8976 гектар.

23850+8264+8976 = 41090 гектар.

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 25945 гектар көлемінде "Алмас" шаруа қожалығы -2992 гектар және аудандық босалқы жер қоры есебінен толықтыру қажет.

Батпаққөл ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және

оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 1 қосымша

## Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Батпаққөл ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)




Батпаққөл ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 2 қосымша

## Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары




Шартты белгілер:

Батпаккөл ауылдық округі шекарасы

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатындағы жайылымдар

Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар

Күз, қыс кезеңдерінде пайдаланылатын жайылымдық жерлер

Көктем, жаз кезеңдерінде пайдаланылатын жайылымдық жерлер

Батпаққөл ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 3 қосымша

**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы**




Батпаққөл ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 4 – қосымша

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне ( көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы**




Батпақкөл ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 5 – қосымша

**Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарғааустыру схемасы**




Шартты белгілер:



Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы

Батпаққөл ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жөніндегі
2023-2024 жылдарға арналған
жоспарға 6 қосымша

**Ауылда, ауылдық округ маңындаорналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастырусхемасы**




Шартты белгілер:

Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы

Батпаққөл ауылдық округінде
2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды және оларды
пайдалану басқару жөніндегі
жоспарға 7 қосымша

## Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың жәнеайдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

| № | Ауылдық округ атауы | 2023 жылғы қоршаулар саны | | | | 2024 жылғы қоршаулар саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Батпаққөл | КЖМ | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

КЖМ –көктемгі-жазғы маусым;

ЖКМ – жазғы-күзгі маусым;

ЖМ – жазғы маусым;

ДҚ – демалушы қоршау.

Батпаққөл ауылдық округінде

2023-2024 жылдарға арналған
жайылымдарды және оларды
пайдалану басқару жөніндегі
жоспарға 8 қосымша

**Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картасы**




Шартты белгілер:

Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картасы

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
14 сәуірдегі № 13 шешіміне
4 қосымша

**Еңбек ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспар**

Осы Еңбек ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан

Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі № 173 " Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 15090 тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуірдегі № 3-3/332 " Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11064 тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуы процестерін болғызбау мақсатында қабылданады және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю дәстүрі ескеріледі.

Жоспар құрамында:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Еңбек ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2 қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы (3 қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы (4 қосымша);

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5 қосымша);

6) ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы (6 қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың жәнеайдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі (7 қосымша);

8) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген картасы (8 қосымша);

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтиды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданған.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Еңбек ауылдық округінде 4 ауылдық елді мекендер бар.

Еңбек ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 142799 гектар, оның ішінде егістік – 6856 гектар, шабындық - 195 гектар, жайылым – 135306 гектар, бақша – 87 гектар, басқа алаптар - 355 гектар.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 99268 гектар;

елді мекендердің жері – 34 222 гектар;

өнеркәсіп жерлері – 1383 гектар;

қордағы жерлер –7926 гектар болып бөлінеді.

Табиғи жағдайлар бойынша Еңбек ауылдық округінің аумағы агроклиматтық көрсеткіш бойынша құрғақ далалық, далалық зонаға жатады, қатал ұзақ қыста, қысқа қалыпты ыстық жазда, қыстың және жаз температураларының күрт қарама-қайшылықтарымен, жылдық жауын-шашынның аз мөлшерімен, құрғақшылықпен сипатталады. Өсімдік жамылғысы әртүрлі, селеулі-бетегелі жусанды және бетегелі-жусанды, тобылғы-қараған бұталы өсімдіктер. Топырағы қызыл қоңыр, қоңыр, аз гумусты. Еңбек ауылдық округінің кей аумақтары жайпақ-еңісті жазықтан, өзендер аңғарынан, қатты жырылған жыралардан құралған. Өсімдік жамылғысы тұрақты емес және жеткіліксіз ылғалданған жағдайда, жалпы жазықтық сипатты және аздаған қанық түрлерімен ерекшеленді. Жер оты көктемгі-жазғы-күзгі жайылым ретінде қолданылады, жер бедерінің жағдайына қарай шөп шабуға да болады. Жайылымды тиімді пайдалану, тозуының алдын алу әрбір малды оған қолданылатын шөптің қажеттілігіне қарай орналастыру болып табылады. Ал Еңбек ауылдық округі жайылымдарына жалпы сипаттама жасайтын болсақ, олардың өнімділігі тұрақты емес, жауын-қардың аз-көптігіне қарап әр жылдарда өзгеріп отырады. Шөбінің өнімділігі жылдың ауа райының жағдайына қарай, гектарына 1,0 центнерден 3 центнерге дейін болады. Жайылым шөбінің аздығы және маусымдап пайдаланылатын жайылымдардың бытыраңқылығы себепті малды алыстағы көктемгі, жазғы және күзгі-қысқы

жайылымдарға жаюды керек етеді. Кей жылдары қыстың жұмсақтығына қарай шаруашылық құрылымдардың малдары көбіне жайылымда болады.

2023 жылдың 1 қаңтарына Еңбек ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы) ірі қара мал 2028 бас, оның ішінде аналық мал басы 1161 бас, 5271 бас қой мен ешкілер, 495 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Сағашилі ауылында: ірі қара мал 882 бас, оның ішінде аналық мал 443 бас, қой мен ешкілер 2551 бас, жылқы 355 бас.

Жайылым көлемі 13995 гектарды құрайды.

Басшилі ауылында: ірі қара мал 582 бас, оның ішінде аналық мал 344 бас, қой мен ешкілер 1335 бас, жылқы 102 бас.

Жайылым көлемі 6648 гектарды құрайды.

Тепсең-Қарабұлақ ауылында: ірі қара мал 147 бас, оның ішінде аналық мал 100 бас, қой мен ешкілер 741 бас, жылқы 22 бас.

Жайылым көлемі 7584 гектарды құрайды.

Темір көпір ауылында: ірі қара мал 417 бас, оның ішінде аналық мал 274 бас, қой мен ешкілер 644 бас, жылқы 22 бас.

Еңбек ауылдық округінің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері, ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері және шаруа қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал 3784 бас, қой мен ешкілер 3645 бас, 3857 бас жылқы.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтер, шаруа қожалықтарының жайылым алаңы 91862 гектарды құрайды.

Еңбек ауылдық округінде 1 мал дәрігерлік пункті, 1 мал көміндісі бар.

Жайылымдық жемшөп жануарлар рационының едәуір бөлігін құрайды. Шөпте азыққа қарағанда әлдеқайда көп қоректік заттар бар. Малды жайылымда ұстау жақсы дамуына ықпал етеді және жануарлардың өсуін күшейтеді, сау төл алу үшін қолайлы жағдайлар жасалады. Еңбек ауылдық округінде табиғи жайылымдардың маусымдық сипаты айқын байқалады. Еңбек ауылдық округі аумағында мәдени және аридтік жайылымдар жоқ. Барлық жайылымдар саны мен мөлшері жайылымның шығымдылығына, мал санына және жасыл шөпті азықтандыру нормаларына байланысты учаскелерге (қоршауларға) бөлінеді. Ауыл маңындағы жайылымдарды тыныстандырып, демалдыру үшін маусымдық жайылымдарды көшпелі жолмен дәстүрлі пайдаланған жөн, ал алыс маусымдық жайылымдарда алдын ала белгіленген учаскелерде мал жаю керек. Жайылымдарды тиімді пайдалану оны пайдалану мерзімінің түрлі схемасын кезектестіру жолымен жүргізіледі. Жайылым айналымы деп табиғи жайылымдарды бір жылдан бастап жақсартуға бағытталған немесе оның өнімділігін төмендетпей бірнеше жылдан кейін қайталанатын шаралар жүйесі түсініледі. Жалпы, жайылым айналымы мен қоршаған ортаны пайдалану жүйесін қолдану, маусымдар бойынша кезектестіру, өсімдіктердің өнімділігін сақтауға мүмкіндік береді.

